**Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру жөніндегі бұдан былайға шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 3 мамырдағы N 3483.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының
Z934200_
9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мына облыстар таратылсын:

1) Жезқазған облысы;

2) Көкшетау облысы;

3) Семей облысы.

2. Мына облыстардың:

1) таратылып отырған Жезқазған облысының аумағы енгізіліп, Қарағанды облысының;

2) таратылып отырған Көкшетау облысының аумағы енгізіліп, Солтүстік Қазақстан облысының;

3) таратылып отырған Семей облысының аумағы енгізіліп, Шығыс Қазақстан облысының шекаралары өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын. Үш апта мерзімде құрылған облыстардың әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы ұсыныс енгізсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК